

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Қыркүйек айы 2022жыл 1 апта**

**Білім беру ұйымы: № 15 «Әлия» бөбекжай**  
**Топ: №4 «Қуыршақ»**  
**Балалардың жасы: 4**  
**Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09-02.09.2022ж**

| Күн тәртібінің кезеңдері                                                                                                             | Дүйсенбі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Сейсенбі | Сәрсенбі       | Бейсенбі<br>01.09.2022                               | Жұма<br>02.09.2022                                         |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|----------------|------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|
| Балаларды қабылдау                                                                                                                   | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).                                                                                                                               |          |                |                                                      |                                                            |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру                                                                                                 | Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |          |                |                                                      |                                                            |
| Балалардың дербес әрекеті<br>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино).<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау,<br>Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>Балалармен жеке жұмыс. |          |                |                                                      |                                                            |
| Таңертеңгі жаттығу                                                                                                                   | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).                                                                                                                                                                                                                                                                               |          |                |                                                      |                                                            |
| Таңғы ас                                                                                                                             | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)<br>Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту                                                 |          |                |                                                      |                                                            |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық                                                                                                 | Шаттық шеңбері<br>Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін тандау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)<br>Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту                                                                       |          |                |                                                      |                                                            |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер                                                                                                         | Дене шынықтыру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Музыка   | Дене шынықтыру | Дене шынықтыру                                       | Музыка                                                     |
|                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |          |                | Білім күні туралы әңгімелесу, кітаптар қарау (көркем | Ғажайып сәт «Тасша бала» қонаққа келеді. Балаларға әртүрлі |

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  | <p>әдебиет)<br/>Мерекелік шарларды салу<br/>(сурет салу)<br/>Конструкторлардан мектепті құрастыру.<br/>(құрастыру)<br/>Балаларды ортаға жинап сергіту сәтін жасау. Әр баланың салған шарларын санау, салыстыру<br/>(математика негіздері)<br/>Таңдауы бойынша орталықтарда ауысып жұмыс жасау.</p> | <p>сыйлықтар алып келгенін айтады. Әр түрлі кітаптар қаламдар, түрлі түсті қағаздар, желім және ермексазды береді. Балалардың қалауы бойынша кітап қарауға (сөйлеуді дамыту), әр бала таңдауы бойынша кітаптың суретін салуға (сурет салу), жаспыруға, мүсін жасауға бөлу.<br/>(жапсыру, мүсіндеу)</p> |
| Серуенге дайындық | <p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br/>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).<br/>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.</p> |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| Серуен            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  | <p>Білім күніне арналған таза ауадағы мерекелік концерт. Балалардың бірге ән айтып би билеуін ұйымдастыру.<br/>(музыка)<br/>Балалардың еркін ойындары.<br/>(дене белсенділігі),<br/>Ауа райы: күн әсері мен шуағына бақылау жасау<br/>(қоршаған ортамен таныстыру)</p>                             | <p>Кітаптарды серуенге алып шығып, тамашалап тақпақтар жаттау (көркем әдебиет)<br/>Балалардың еркін ойындары.<br/>(дене белсенділігі),<br/>Табиғат: Балалабақша аймағын аралап, балабақшада өсетін көкөністерді тамашалау, атау.<br/>(қоршаған ортамен таныстыру)<br/>Қимылды ойын</p>                 |

|                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |  |  |                                                                                                 |                                                                                                                          |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |  |  |                                                                                                 | «Кім жылдам»                                                                                                             |
| Серуеннен оралу                                                                                                                   | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  |                                                                                                 |                                                                                                                          |
| Түскі ас                                                                                                                          | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суга қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (сөйлеуді дамыту) |  |  |                                                                                                 |                                                                                                                          |
| Күндізгі ұйқы                                                                                                                     | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Түлкі мен қоян ертегісін оқып беру (көркем әрекет)                                                                                                                                                                                              |  |  |                                                                                                 |                                                                                                                          |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары                                                                                        | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).                                                                                                                            |  |  |                                                                                                 |                                                                                                                          |
| Бесін ас                                                                                                                          | Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |  |  |                                                                                                 |                                                                                                                          |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |  |  | Ауа райы: туралы күнтізбеден табиғат бұрышында тапсырмаларды орындау. Балалардың қалауы бойынша | Психологиялық ойын «Өз күлкіңмен бөліс» Балалардың қалауы бойынша құрастыру материалдарынан балабақша, мектеп құрастыру. |

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                |
|------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |  | орталықтарда жұмыс. отбасы мүшелерінің мектептегі білім күні мерекесіне қалай дайындалғандары туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту). Еркін тақырыпта шығармашылық (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) іс әрекеттерін балалардың қалауы бойынша ұйымдастыру | (кұрастыру) Кітаптардың пішінін атау, салмағын анықтау, ауыр жеңілін, үлкен кішісін топтастыру (математика негіздері)          |
| Балалармен жеке жұмыс  |                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                |
| Серуенге дайындық      | Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                |
| Серуен                 |                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |  | Қ/о «Үрпек төбет» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылау. Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар                                                                                                                                   | Қ/о «Қоймадағы тышқандар» Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету. Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар |
| Балалардың үйге қайтуы |                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |  | Ата-аналармен баланың балабақша бейімделуі жайында сұхбат                                                                                                                                                                                            | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру                                                                     |

«Тексерілді»

№15 «Әлия» бөбекжайы»

МККК әдіскері:

 У.Г Нурмухамметова

31.08.2022ж.